Шығыс № 3

20.05.2021ж.

Маңғыстау облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті

"Бейнеу аудандық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі" мемлекеттік мекемесі №5755211-1 өткізген конкурсының мемлекеттік сатып алудың қорытындылары туралы хаттамамен келіспеймін.

"Әлеуметтік тапсырыстарды орындау орталығы" ҮЕҰ" ЖММ-нің әлеуетті өнім берушілер ұсынған техникалық ерекшеліктерді бағалау критерийлерінде дұрыс баға есептемеген.

1. Тапсырыс берушінің техникалық ерекшеліктерінің талаптарына әлеуеттік өнім берушінің ұсынатын жобасының сәйкес келуі – 0 бал.
2. Тапсырыс берушімен сатып алынатын қызметке әлеуетті өнім берушінің қызмет мақсатының сәйкестігі (құрылтайшы құжаттарға сәйкес) -0 бал.
3. тапсырыс берушімен қойылған мақсаттарға қол жеткізу бойынша егжей-тегжейлі іс-шаралар жоспарының сәйкестігі (іс-шаралар атауы және үлгісі, өткізу орны мен уақыты, жауапты тұлғалардың аты-жөні, тегі) – 0 бал.
4. Әлеуетті өнім берушінің "Үкіметтік емес ұйымдардың дерекқорында" болуы туралы мәліметтер – 0 бал.
5. Жобаны іске асыру нәтижелерін тиімді бағалау бойынша индикаторлардың болуы – 0 бал.
6. Жобаны белгілі бір аумақта (астана, республикалы? маңызы бар қала, облыс аудан, қала) іске асырған жағдайда – үкіметтік емес ұйымның тиісті өңірдегі жұмыс тәжірибесі – 0 бал.

Аталған конкурс бойынша "Әлеуметтік тапсырыстарды орындау орталығы" ҮЕҰ" ЖММ-нің әлеуетті өнім берушілер ұсынған техникалық ерекшеліктерді бағалау критерийлерін есептеп дұрыс қорытынды шығарып беруіңізді сұраймын.

Директор **А. Илесбаева**